

ISSN 1728-8975

# **ХАБАРШЫ ВЕСТНИК**

**«Юриспруденция» сериясы  
Серия «Юриспруденция»  
№ 1 (35), 2014**

**Алматы, 2014**

Абай атындағы ҚазҰПУ

**ХАБАРШЫ**  
**«Юриспруденция» сериясы**  
**№ 1 (35), 2014**

**Бас редактор**  
*заң ғыл.к., доцент*  
*(Қырғыз Республикасы ЖАК докторы)*  
**Т.Т.БАЛАШОВ**

**Редакциялық алқа мүшелері:**  
*заң ғыл.д., ҚР ҰҒА академигі, проф.*  
**Сабикинов С.Н.,**  
*заң ғыл.д., проф. Сәрсенбаев Т.Е. –*  
*ҚР Парламенті Сенатының аппарат*  
*жетекшісі,*  
*заң ғыл.д., проф. Әбдіқанов Н.А.-*  
*Солтүстік Қазақстан облыстық Сотының*  
*төрағасы,*  
*заң ғыл.д., проф. Малиновский В.А.-*  
*ҚР Конституциялық Кеңес мүшесі,*  
*заң ғыл.д., Цепелев В.Ф. - РФ ПМ*  
*академиясы профессоры (Мәскеу),*  
*заң ғыл.д., проф. Муратова Н.Г. –*  
*Казан мемлекеттік университеті,*  
*«Қылмыстық іс жүргізу» кафедрасының*  
*меңгерушісі (Казань),*  
*доктор Права Джон Берк –»Таллин»*  
*университетінің ректоры (Эстония),*  
*заң ғыл.д., проф. Арабаев А.А. – Баласағұн*  
*атындағы ҚҰУ, Заң институты Ғылым*  
*орталығының меңгерушісі (Қырғызстан),*  
*заң ғыл.д., проф. Айтмухамбетов Т.К.,*  
*заң ғыл.д., проф. Төлеубекова Б.Х.,*  
*заң ғыл.д., проф. Дуйсенов Э.Э.,*  
*заң ғыл.д., доцент Сулейманов А.Ф.,*  
*заң ғыл.к., профессор Орынтаев Ж.К.,*  
*Жауапты хатшы – Битұрсын Ғ.Ш.*

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014

Қазақстан Республикасының  
мәдениет және ақпарат  
министрлігінде 2009 жылы  
мамырдың 8-де тіркелген  
N 10111– Ж

**Басуға 20.08.2013. кол қойылды.**  
**Пішімі 60x84 1/8.**  
**Көлемі 16 е.б.т.**  
**Таралымы 300 дана.**  
**Тапсырыс 197.**

050010, Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 13.  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университетінің  
«Ұлағат» баспаханасының  
баспаханасында басылды

**М А З М Ұ Н Ы**

**С О Д Е Р Ж А Н И Е**

**МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН  
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ  
ТЕОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА И  
КОНСТИТУЦИОННОГО ПРАВА**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС  
ЖҮРГІЗУ  
УГОЛОВНОЕ ПРАВО И УГОЛОВНЫЙ  
ПРОЦЕСС**

**АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ІС  
ЖҮРГІЗУ  
ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ГРАЖДАНСКИЙ  
ПРОЦЕСС**

**Балашов Т.Т.** – Жауап алу барысында сезіктінің жеке қасиеттері туралы мәліметтер алу тәсілдері .....

**Ағдарбеков Т.А.** – Құқықтың біртұтас, әмбебап түсінігін анықтаудағы әртүрлі ғылыми көзқарастар

**Битұрсын Ғ.Ш.** – Мемлекеттік тіл мәңгілік елдің мәртебесі ...

**Орынтаев Ж.К., Абдрахманов Р.З.** – Экологический мониторинг – как важнейший инструмент охраны окружающей среды.....

**Тилеубергенов Е.М.** – Основные проблемы судебно-почвоведческой экспертизы .....

**Мейірбекова Г.Б.** – Сот билігінің қалыптасуы мен дамуын құқықтық реттеудің кейбір мәселелері

**Alpysova Zh.E.** – Teaching reading

**Мейірбекова Г.Б.** – Основные признаки судебной власти

**Абдрахманов Р.З.** – Понятие и значение экологической информации

**Буранбаева С.Р.** – Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексіндегі және 1959 жылғы ҚазССР қылмыстық кодексіндегі айыппұлды салыстырмалы–құқықтық талдау

**Куандыков К.Ж.** – Некоторые вопросы нормативно-правового регулирования сотрудничества таможенных стран Таможенного союза по вопросам таможенно-тарифного регулирования

**Буранбаева С.Р.** – Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексіндегі және 1959 жылғы ҚазССР Қылмыстық кодексіндегі айыппұлдың құқықтық мәніне шолу жасау

**Грек Е.Н.** – Процессуальный порядок возбуждения уголовных дел частного обвинения

**Абдуллина Л.М.** – Личные права человека в свете естественно-правовой и позитивистской концепций

**КазНПУ имени Абая**

**ВЕСТНИК  
Серия «Юриспруденция»  
№ 1 (35), 2014**

**Главный редактор  
к.ю.н., доцент  
Т.Т.БАЛАШОВ**

**Члены редколлегии:**

*д.ю.н., академик НАН РК, профессор*

**С.Н.Сабикенов,**

*д.ю.н., проф. Т.Е. Сарсенбаев –  
Руководитель аппарата Сената  
Парламента РК,*

*д.ю.н., проф. Н.А. Абдиканов –  
Председатель Суда СКО,*

*д.ю.н., проф., В.А. Малиновский - член  
Конституционного Совета РК,*

*д.ю.н., профессор Академии МВД РФ*

**В.Ф.Цепелев** (г. Москва),

*д.ю.н., проф. Н.Г. Муратова –  
Зав. кафедрой «Уголовный процесс»  
Казанский государственный университета  
(г.Казань),*

*доктор Права Джон Берк – Ректор  
университета «Таллин» (Эстония),*

*д.ю.н., проф. А.А. Арабаев – заслуженный  
юрист КР, заведующий центром науки  
Юридического института КНУ им.*

*Ж.Баласагына (Кыргызстан),*

*д.ю.н., проф. Т.К. Айтмухамбетов,*

*д.ю.н., проф. Б.Х. Толеубекова,*

*д.ю.н., проф. Э.Э. Дуйсенов,*

*д.ю.н., доцент А.Ф. Сулейманов,*

*к.ю.н. профессор Ж.К. Орынтаев,*

*Ответ. секретарь - Г.Ш. Битурсын*

© КазНПУ имени Абая, 2014

Зарегистрировано в Министерстве  
культуры и информации  
Республики Казахстан 8 мая 2009 г.  
N 10111 – Ж

Подписано в печать 20.08.2013.

Формат 60x84 1/8.

Объем 16 уч.-изд.л.

Тираж 300 экз. Заказ 197.

050010, г. Алматы, пр. Достык, 13.  
КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»  
Казахского национального  
педагогического университета  
имени Абая

**Грек Е.Н.** – Функция обвинения (уголовного преследования) в системе уголовно-процессуальных функций

**Сатпаева А.М.** – К вопросу о перспективах принятия редпринимательского кодекса

**Жетпісбаев Е.** – Адам құқықтарын қорғау мәселелері

**Серикова А.** – О принципе гласности судебного разбирательства

**Омаров Н.** – Состязательность и равноправие сторон в гражданском процессе

**МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ  
ТЕОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА И КОНСТИТУЦИОННОГО ПРАВА**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ  
УГОЛОВНОЕ ПРАВО И УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС**

**АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ  
ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС**

---

УДК: 347.01.48

**ЖАУАП АЛУ БАРЫСЫНДА СЕЗІКТІНІҢ ЖЕКЕ ҚАСИЕТТЕРІ  
ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР АЛУ ТӘСІЛДЕРІ**

**Балашов Талгат Тулеуович** – заң ғылымдарының докторы, доцент  
Абай атындағы ҚазҰПУ, Құқық және экономика институтының директоры

**Аңдатпа**

Аталған мақалада айыпталушыдан жауап алудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдаланудың қаншалықты маңыздылығына тоқтала отырып, жауап алу кезінде тұлғаның жеке басын сипаттайтын мән-жайларға бағытталған.

**Кілт сөздер:** айыпталушы, жауап алу, психологиялық әдістер, тұлғаның жеке қасиеттері.

Жауап алу, тергеу әрекеті ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 26-тарауындағы 211-219 баптар аралығында қамтылған. Жауап алу жауап алынатын адамның белгілі бір оқиғаны не фактіні сипаттауы ғана емес, жауап алу өте күрделі әрі қарама-қайшы процесс. Зерттеуші А.Дулов тергеушінің жауап алғанда алатын мәліметтерін екіге бөледі. Бірінші, тергеу үшін қажетті оқиға немесе фактілер жөніндегі мәліметтер. Екінші, оқиғалар мен фактілерді ауызша жеткізетін қайнар көздерге қатысты мәліметтер. Айта кететіні, екінші топқа енетін мәліметтердің барлығы өте маңызды болып саналады. Өйткені, ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 117-бабы 1-бөлігінің 5-тармағына сәйкес қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мәліметтер қатарына айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар да кіреді.

Жауап беру барысында айыпталушының өзінің жеке қасиеттері туралы байқатпауы мүмкін емес. Тіпті, кез келген айыптаушының қылмыстың оқиғасынан гөрі өзі туралы, өзінің өмірі мен жұмысы туралы қызыға әрі қуана айтатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Сонымен қатар, шын айғақ бере отырып шындықты біршама әсірелеп, өзін артық бағалап жіберіп немесе өзін теріс жағынан сипаттайтын әрекеттер жөнінде үн қатпау сияқты, рефлектің – қорғану әрекеттерінің байқалуы да мүмкін. Ендеше, жауап берушіге қатысты мәліметтерді алу оңай шаруа емес. Сондықтан, сезікті немесе айыпталушы тұлға туралы анық ақпараттарды оның жасанды іс-қимылын аңғару арқылы және сұрақты соған бағыттау арқылы анықтау қажет.

Қылмыстық іс бойынша анықталуға жататын психикалық құбылыстардың белгілері туралы мәліметтер алу үшін тергеуші қылмыстық іс жүргізу нормаларына және моральдық этика талаптарына сай келетін ғылыми негізделген әдістерді қолдануы керек. Осыған байланысты Б.Ананьев психологиялық зерттеуде қолданылатын барлық

әдістерді: ұйымдастыру әдістері, ғылыми мәліметтерді табудың эмпирикалық (эмпирические - тәжірибеде жинақталған) әдістері, мәліметтерді өңдеу тәсілдері, интерпретациялық әдістер (лат Interpretatio - бір нәрсенің мәнін ашу, талқылау, белгілі-бір мәтінді түсіндіру) деп төрт топқа бөледі. Ол ұйымдастыру әдістеріне зерттеудің барлық сатысында қолданылатын салыстыру және кешенді әдістерді жатқызса, эмпирикалық әдістерге бақылау, экспериментальдық, психодиагностикалық (әңгімелесу, интервью), модельдеу, биографиялық әдістерді, мәліметтерді өңдеу тәсілдеріне сандық және сапалық талдауды, интерпретациялық әдістерге генетикалық және құрылымдық әдістердің түрлі нұсқаларын жатқызады. Әрине, мұндай тұжырым орынды. Дегенмен, жауап алынатын тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін білу үшін жауап алу кезінде әдістердің шағын түрін ғана пайдалануға болады. Өйткені, оларды таңдау тергеу әрекетін жүргізудің мақсаты мен оған бөлінетін уақытқа да байланысты болады. Жауап алу кезінде тұлғаны психологиялық диагностикалауға қолданылатын негізгі әдістерге бақылау, әңгімелесу, эмоционалды эксперимент, психологиялық анализді жатқызуға болады. Аталған әдістер толығымен қолданылмайды. Себебі, нақты жағдайға сәйкес тиімді әдістер қолданылады.

Тергеуші жауап алынатын тұлғаның сыртқы бейнесіне, эмоционалды жағдайына, мінез-құлқына көңіл аударады. Жауап алу аяқталғанға дейін тергеуші жауап беруші тұлғаның темпераменті мен жауап алудың мазмұнына қатысты ойын қорытындылай отырып, оның бетіндегі мәнерлі қозғалыстарды, сөзінің барысын, реакциясының жылдамдығын бақылап отырады. Бақылау жауап берушінің өзін-өзі ұстау үлгісін, сөзшеңдігін, қойылған сұрақтарға қатысты қатынасын, процессуалдық мәселеге не тергеушінің жауап алуға шақыруына байланысты психикалық жағдайын қамтиды. Бақылаудың нәтижесін бағалағанда бақылауға алынған тұлғаның (іс қимылын еркін жасайтын) үйреншікті ортадан тыс жерде екендігі ескерілуі керек. Өзінің рөлін және болашақтағы процессуалдық жағдайын толық біле бермейтін бейтаныс ортада жауап алынатын тұлға өзін еркін ұстай алмайды. Көбіне алдын ала ойластырып қойған бағыт бойынша мінез танытады. Ал аталған жағдайлар бақылау барысында анықтауға болатын шын көріністі бүркемелеп, өзгертеді.

Тергеу әрекетін жүргізу барысында әрқашан психологиялық анализ жасалып отырады. Тергеуші нақты бір тергеу әрекетінің дамуының барлық сатыларын неғұрлым жақсы білетін болса және орындалуға жататын барлық қызметінің жиынтығын жете меңгерсе, соғұрлым психологиялық анализді тиімді және нәтижелі жүргізе алады. Басқаша айтқанда, тергеуші жүргізгелі отырған тергеу әрекетінің психологиялық құрылымын алдын ала болжаған болса, іс бойынша сапалы талдау жасалуы мүмкін. Түскен мәліметті талдау кезінде субъект жөніндегі барлық білімді қолдану керек. Сондай-ақ, субъектінің байланыстары мен тәуелділігін, тергеуге қатысты жағдаймен байланысын ескерген жөн. Сондықтан, тергеуші зерделенген объектінің қасиеттері мен сапасын мұқият талдамастан өзінің жеке пікірі мен әрекеттерін негіздеп, пайым жасауға ешқандай қақысы жоқ. Ол тергеу әрекетін жүргізгенде өз әрекеттеріне бақылау жасап, дұрыс шешім қабылдап жатқанын қадағалап отыруы тиіс.

Жауап алынатын тұлғаның жеке басын зерттеу үшін әңгімелесу (сұхбаттасу) әдісі қолданылады. Жауап алу мен әңгімелесу процессуалдық және мақсаты жағынан бір-бірінен өзгешеленеді. Жауап алу процесінің сипаты шектеулі болғанымен оның

барысында әңгімелесу қолданылады. Мұндағы мақсат — психологиялық байланыс орнату үшін жауап алудың мазмұнынан тыс мәліметтермен алмасу. Жауап алу процесінде қолданылатын әңгімелесу әдісін екі тұрғыда қарастыруға болады. Бір жағынан, ол психологиялық контакт орнатуды көздеп жауап алудың пәнінен тыс мәліметтермен алмасу және жауап алынатын тұлғаның темпераментінің түрі мен мінез-құлқының белгілерін анықтау үшін қолданылатын болса, екінші жағынан әңгімелесу жауап алудың барысында қатар қолданылуы мүмкін.

Жауап алу барысында қылмыскердің тұлғасын зерттеудің қосымша әдісі — эмоционалды (психологиялық) эксперимент. Бұл әдіс өз алдына бөлек қолданылмайды, керісінше, жауап алудың тактикалық тәсілінің құрамдас элементі ретінде пайдаланылады. Бұл әдістің мәнісі мынада, жауап алынатын тұлғаға эмоционалды реакцияға ұшыратуға қабілетті белгілі бір мәлімет хабарланады немесе дәлелдеме көрсетіледі. Егер тұлғаның анық ұсынылатын дәлелдемемен немесе хабарламамен байланысы бар болса абыржуы мүмкін.

Эмоционалды эксперименттің қолданылуы келесі тәртіптердің сақталуын талап етеді: 1) оның мақсатты болуы; 2) сезікті психологиялық өзгеріске ұшырауы мүмкін деген уақытты, жағдайды және құралдарды таңдау; 3) бұл жағдайлардың жауап алудың процессуалдық тәртібіне сай болуы; 4) оның орындалуы және тұлғаның психикалық процесін бақылай алу; 5) бақылаудың нәтижесін бағалау.

Тергеу тактикасының негізгі талаптарының бірі — жауап алынатын тұлғаға жеке бейімделу. Бұл талаптың орындалуы жауап алынатын тұлғаның психикалық қасиеттерін зерттеумен байланысты. Жеке тұлғаның қасиеттерін жедел диагностикалау әдістері өте аз зерттелген. Сондықтан, тергеуші көп жағдайда өзінің ішкі пайымына ғана жүгінеді. Жеке бейімделу дәлелдемелерді жинаудың, зерттеудің және бағалаудың барлық процесіне қатысы бар процессуалдық, тактикалық және тәрбиелік ықпал ету принципі болып саналады. Ол тергеушіні қылмыстың субъектісін адам, тұлға ретінде тануға, туындаған жағдайдың ерекшелігін бағалауға және осының негізінде ықпал ету әдістерін, тәсілдерін және құралдарын саралап, тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикасын құруға міндеттейді. Осы тәсілдердің кешенді қолданылуы арқылы жеке тұлғаның қандай қасиеттерін анықтауға болады? Енді осы сауалға жауап берелік.

Жалпы тұлғалық қасиеттер өзара байланысты төмендегідей психикалық ерекшеліктермен анықталады:

- 1) тұлғаның бағытымен — оның иерархиялық қалыптасқан құндылық жүйесімен;
- 2) психиканың табиғи негізделген ерекшеліктерімен — темпераментімен;
- 3) мінез-құлықты реттейтін әлеуметтік жағдайда қалыптасқан тұрақты әдістерімен — мінезімен;
- 4) әлеуметтік - беделді психикалық көріністерімен.

Біз осы қасиеттердің ішінен тұлғаның бағытын анықтау әдістеріне тоқталсақ. Жеке тұлғаның бағытына кіретін элементтер, бұл оның қажеттіліктері, мотиві, әуестік мүдделері, дүниетанымы мен армандары. Бағыттылықтың үш түрін ажыратуға болады: жеке, ұжымдық және іскерлік. Өзінің амандығын қамдау, өзін-өзі қолдау, жеке мүддесіне жету сияқты мотивтер мен құндылықтар басымдық танытқанда жеке бағыт орын алады. Мысалы, бір топ адам жасаған талан-таражға салу қылмысы бойынша айыпталушы басқа

қатысушыларды жауапкершіліктен босатуға тырысып, кінәні толығымен өз мойнына алады. Тергеуші оған ұрланған ақшаның барлығы сот арқылы оның бір өзінен өндірілетінін және бұл үшін, тіпті оның мүлкінің тәркіленуі мүмкін екенін, соның салдарынан бүкіл отбасы материалдық зардап шегетінін түсіндіреді. Егер, ол бұл қылмысқа қалыптасқан басқа қатысушылар туралы өз еркімен мойындайтын болса, келген шығын барлық қатысушылардан ортақ өндірілетінін және сот жаза тағайындағанда оның қылмысты ашуға белсенді көмек көрсеткендігін ескеретіндігін де түсіндіреді. Туындаған жағдайды ескеріп, айыпталушы ұрлықты бірге жасаған адамдарды әшкерелеп берді делік. Бұл жағдайда тергеушінің түсіндіру нәтижесінде айыпталушыда жеке басының амандығын ойлау мотиві белсенділіктің басқа түрлерінен басымдық танытты.

Ал, алдын ала тергеуге қатысушының (қылмыскердің) әрекеті басқа адамдардың, ұжымның, топтың мүдделерімен, сот әділдігі мен жалпы қоғамның мүдделерімен анықталғанда қоғамдық бағыт орын алады. Қоғамдық немесе кәсіби қызметінен туындайтын, сонымен қатар сот әділдігін жүзеге асыратын органның жұмысы мен оның қылмыстық іс жүргізу аясындағы орындайтын рөліне сай туындайтын мотивтер айыпталушының бойында басымдық танытуы мүмкін. Мұндай мотивтерге атқарған ісіне мақтаныш, кәсібінің беделі, пайда ойламай ақиқатты анықтауға тырысу, сот әділдігінің мүддесін көздеу сияқты мотивтер жатуы мүмкін. Мұндай мотивтерді иемдену объектінің кәсіби бағыты туралы айтуға ерік береді.

Қылмыскердің саналы түрде алдына қойған мақсаты, қабылдаған шешімі не себептен қозғаушы күшке, яғни мінез-құлық мотивіне айналады деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап беру үшін мотивтердің пайда болуының психологиялық механизмін білу керек. Мұны түсінген соң тергеуші басқа адамның мотивациялық аясына мақсатты түрде араласуға мүмкіндік алады және бір қозғаушы күштің әрекетін арттырып немесе керісінше, екінші бір қозғаушы күштің дамуын тоқтатады. Психологтар адам мінез-құлқының барлық қозғаушы күштерінің негізінде тұлға белсенділігінің басты қайнар көзі қажеттілік жатыр деп санайды. Адамның қажеттілігі қандай жолмен қозғаушы күштің ерекше нысанына, адам мінез-құлқының мотивіне айналады? Өмір мен даму адамның қоршаған ортаға және өзіне деген белгілі бір қатынасын қалыптастырады. Объектілерге деген мұндай қатынас және оған деген мұқтаждық белгілі бір уақытқа дейін потенциалды жағдайда болады. Бұл мұқтаждық аса маңызды емес. Бірақ, қандай да бір уақытта адамды қоршаған ортада өзгеріс болады, ол өзгерістер адам психикасының ішкі "тыныштығын" тепе-теңдігін бұзады. Адам өз қажетін қанағаттандыру процесінің тығырыққа тірелгенін сезеді немесе сыртқы жағдай мен мотивациялық белсенділіктің дамуына бейімделмей немесе қайта өңдемей процесті одан әрі жүзеге асыру мүмкін еместігін түйсінеді. Қажеттілік жағдай пайда болады. Ол субъективті теріс бағаланып уайым пайда болады. Өйткені, ішкі тепе-теңдіктің бұзылуының нәтижесінде адам қалыпты өмір сүріп, дами алмайды. Сана-сезім және ерік сияқты таным процестерінің белгілі-бір бағытта белсенділік көрсетуін жағдайлардың нәтижесі деп қарастыру керек. Қажетін түсінген соң адам санасын сыртқы ортаны зерделеуге бағыттайды, өз қажетін қанағаттандыруға кедергі жасап отырған факторлар мен бұзылған тепе-теңдікті, ішкі "тыныштықты" қайта қалпына келтіруге мүмкіндік беретін факторларды анықтай отырып, туындаған жағдайдың кейбір жақтарын бағалайды. Қажеттілігін қанағаттандыруға болатын объектіні іздеп табумен және сол жағдайда

белгілі-бір әрекет жасау керек, деген шешімге келумен сыртқы жағдайларды зерделеу аяқталады. Мұнда іс-әрекет мақсатты бағыт алады, бұл қажеттілікті қанағаттандыру пәнімен, мақсатымен және құралдарымен дәлелденеді. Олар адам үшін материалдық немесе рухани құндылық ретінде танылады.

Психологтардың пайымдауынша, мотивациялық аяның ең дамыған түрі мінез-құлықтың жетекші мотивіне айналған, белгілі бір моральдық құндылықтарды игеру саналады. Л.Божовичтің айтуынша, игерілген құндылықтар басқадай әсер ету күштерін өзіне бағындыра отырып тікелей әсер ету күшіне айналады. Олай болса, жауап алынатын тұлғаға ықпал етуде жеке бейімделу үшін және ықпал етуде онды нәтижеге жету үшін тергеуші жауап алынатын тұлғаның қозу жүйесін анықтап алуы керек және бұл жүйеде қандай қозғаушы күштің басымдық танытатынын білуі қажет. Тек осындай күштерге сүйеніп, ықпал етудің тәсілдері мен құралдарын дұрыс тандап алуға болады. Егер, туындаған жағдайда мінез-құлықтың қажет емес мотиваторы жетекші болып табылмайтын болса, бастапқы сатыда ықпал етуді осы қозғаушы күштің маңыздылығын арттыруға бағыттау керек. Содан соң, оны жауап алу барысындағы ықпал ету тактикасында пайдалану қажет.

Адамдардың мінез-құлқы жоғарыда талданған бағыттардан басқа көбіне өзіне тән әлеуметтік бағытпен де анықталады. Бұл тұлғаның болмысынан, алдына қойған мақсатының ерекшелігінен, тұлғаның мүдделерінен байқалады. Тұлғаның әлеуметтік бағыты ең алдымен оның өз әрекетіне деген қатынасын анықтайды. Сондықтан, мұндай субъективті фактор сезіктіден жауап алып отырғанда оның мінез-құлқына да әсер етеді. Мысалы, қоғамға жат бағыты бар тұлғалардың басқа жол жоқ деп санағанда, жеткілікті дәлелдемелер болғандықтан, одан әрі қарсыласу мағынасыз деп санағанда ғана шын жауап беруге шешім байлайтынын байқауға болады.

Ерекше қауіпті рецидивистер еңбек пен қоғамға теріс көзқараспен қарайды және өздерінің қылмыстық өмірін оң мінез-құлық деп санайды. Олардың сот және тергеу органдарымен қарым-қатынас жасауда едәуір тәжірибелері бар. Мәселен, жолы болмай қалған жағдайда не істейтінін қылмыс жасар алдында ойланып алады. Мұндай тұлғалар жауап алу барысында ақиқатты анықтауға бағытталған тергеушінің әрекетіне едәуір қарсылық көрсетеді. Егер белгілі бір жағдайда ақиқатты айту тиімді деп санаса, кейде қылмысын мойындап, жауап беруі де мүмкін.

Ал қоғамға тұрақты түрде жат бағыты жоқ қылмыскер өзін басқаша ұстайды. Ол алдын ала қылмысқа әзірленбейді, көбіне кездейсоқ жағдайдың және күйзелістің әсерінен қоғамға жат қылық (қылмыс) жасайды. Жауап алу барысында ол жасағанын мойындайды, өйткені, қылмыстық мінез-құлық оның өмірлік болмысына қайшы келеді, жазадан да қорқады.

Қорыта келгенде, жауап алынатын адамның жеке тұлғасын зерттеудің мақсаты толық және объективті жауап алу үшін қолданылатын ең тиімді деген тактикалық тәсілдерді таңдау арқылы қылмыскердің тұлғасы туралы ақпараттар алу болып табылады. Жеке тұлғаның көзқарасын, мүдделерін, қажеттіліктерін, құнды бағыттарын, мінездемелік, ерікті және эмоционалды ерекшеліктері мен қасиеттерін білу оның мінез-құлқына криминалистік баға беруге септігін тигізеді.

#### Әдебиетер тізімі:



- 1 Особенности предварительного расследования преступлений, осуществляемого с участием адвоката / Леви А.А., Игнатьева М.В., Капица Е.И. – М., 2003. С. 5.
- 2 Бойков А.Д. Этика профессиональной защиты по уголовным делам. - М., 1978. С. 60-61.
- 3 Милова И. Участие адвоката в следственных действиях// Российская юстиция. – 1996. - № 11. С. 45-46.
- 4 Бахарев Н.В. Очная ставка: уголовно-процессуальные и криминалистические вопросы. – Казань, 1982. С. 66.
- 5 Бахарев Н.В. Указ. раб. – Казань, 1982. С. 53.
- 6 Т-итаренко В.В. Вопросы тактики участия адвокатов в производстве следственных и судебных действий. – В кн.: Криминалистика и судебная экспертиза. № 19 за 1979 г. С. 35-36.
- 7 Ширинский С.Ф. Адвокат не вправе вредить своему подзащитному // Адвокат, - 2000, -№ 5. С. 24.

### РЕЗЮМЕ

Балашов Талгат Тулеуович - доктор юридических наук., доцент,  
директор института Права и экономики КазНПУ им.Абая

В этой статье автор рассматривает проблемы изучения личности обвиняемого (подозреваемого) в ходе проведения допроса. Изучаются психологические особенности в личности обвиняемого как, направление личности, иерархические становление ценностей системы личности обвиняемого. Предложены тактические приемы, необходимые для установления вышеперечисленных свойств обвиняемого.

### RESUME

Balashov Talgat Tuleuovich - doctor of Laws., associate professor,  
Director of the Institute of Law and Economics KazNPU named after Abay

In this clause the author considers problems of studying of the person of accused interrogation (suspected) during carrying out. Psychological features in the person accused as, a direction of the person, hierarchical becoming of values of system of the person accused are studied. The tactical receptions necessary for an establishment of the set forth above properties accused are offered.

УДК: 343.04.97

## ҚҰҚЫҚТЫҢ БІРТҰТАС, ӘМБЕБАП ТҮСІНІГІН АНЫҚТАУДАҒЫ ӘРТҮРЛІ ҒЫЛЫМИ КӨЗҚАРАСТАР

Ағдарбеков Төкіжан Ағдарбекұлы – заң ғылымдарының докторы, профессор,  
Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі  
Сулейман Демирель университеті

### Аңдатпа

Бұл мақалада құқықтың біртұтастық қағидасы және құқықтың әмбебап түсінігінің мәнін анықтаудағы әртүрлі ғалымдардың ғылыми көзқарастар баяндалады.

**Кілт сөздер:** қоғам, құқық, заң, біртұтастық, әмбебап, көзқарас, құқықтық қатынастар, дау, ғылым.

«Қазақстан – 2050» стратегиясында «біз ауқымды халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына әбден-ақ белсене қатыса аламыз. Бұл бізге ғылымдарымыздың күш-жігерін шетелдік ғылыми-зерттеулік қоғамдастықпен стратегиялық инновациялық бағыттар бойынша ықпалдастыруға мүмкіндік береді» деп отандық ғылымды дамытудың жолын көрсетіп береді.

Осы мақаламда бүгінгі күнге дейін даулы мәселелерге жататын, бәріне бірдей маңызды құқықтың түсінігін белгілеуге арналған ғылымдардың методологиялық және тәжірибелік жаңаша көзқарастарына көңіл аударуды актуальды санадым.

Ең алғашқы рет Г.Л.А. Харт «Құқықтың түсінігі» туралы еңбегінде ондай түсініктің барлығы туралы кезінде сенімсіздік көрсетті. Ол туралы пікірдің қарама-қайшылықтарына қарамай, уақыттан, халықтан не болмаса саяси жүйеден тәуелсіз (тек біртұтас біреу ғана) құқық түсінігінің бар екендігі туралы ереже қабылданды. Құқықтың мұндай біртұтас, әмбебап түсінігінің барлығы туралы Иеремени Бентам, Джон Остин айтқан. Ондай пікірге Платон мен Аристотельдің кездеріне дейін ешкімнің күмән келтірмегені мәлім.

Құқықтың түсінігі деген сұраққа жауап беру үшін біздің ойымызша, ең алдымен оның қандай топқа, бөлікке жататынын білуіміз қажет. Дегенмен, табиғи құқық теориясының өкілдерінің тұжырымдамалары бойынша – ол табиғи құбылыс, адам баласының пайда болуына дейін болғандығы және тәуелсіздігі айтылған. Қазіргі кезде, ондай түсінік, біздің ойымызша, ескірген және жаңбардың болуы сияқты табиғи құбылыстарға жатқызуға болмайды.

Құқық табиғи болмайды, себебі ол әлеуметтік құрылымның нәтижесі. Бұл қысқа көзқарастан, затты категорияға бөлуден, біздің алатынымыз сонда, табиғи ая құбылыстарды түсінік арқылы құжатталғанымен таусылмайды. Біз оларды сипаттауға және түсінуге пайдаланамыз. Олардың маңыздылығы сонда, ол бізге құқықтық эмпирикалық болмысына көңіл аударуға және заттар арасындағы проблеманы білуге көмектеседі, оны біз «құқық» деп атаймыз.

Құқықтың әмбебап түсінігінің жалғыз ғана барлығы туралы дәлелдеулер, көбінесе жалпы және партикулярды юриспруденция арасындағы шекараның тек бір жағын ғана көрсетеді. Себебі, олар көп жағдайда, қазіргі философтармен құқықты жеткілікті бағаламай, нақтылы құқықтық жүйелерді, өз орнында және нақтылы уақытында сипаттауды зерттеумен ғана шұғылданады. Әрине, нақтылы құқықтық жүйелерді заңдылық және философиялық жағынан, уақыты мен орнынан тәуелсіз жалпы қасиетіне қарағанда, аз көрсетіледі деп есептеуге болмайды. Дегенмен де аумақтық қағида партикулярды юриспруденцияға ішкі жағынан тән болғандықтан, ол ғылыми, заңдылықты көбірек сипаттайтын аналитикке және көбірек құқықтық философиялыққа қарағандағы жағдайға әкеледі. Жалпылама юриспруденция, керісінше (оны арнайы зерттеген Харттан кейін) фундаментальды философиялық зерттеу ретінде кез келген жеке орында және кез келген уақытта мүмкін болатын құқықтық жүйелерде және барлық мүмкін болатын жерлерде – әмбебаптыққа ұмтылу, жалпылама юриспруденцияны мынандай жағдайға әкелді, яғни ол барлық құқықтық жүйелерді зерттеуден қаша бастады, тіпті «құқық» атауынан да.

Сонымен, Ф.Шауер өз еңбегінде құқықты философиялық зерттеулер арқылы әмбебап түсінігіне айналдыруға ұмтылған авторларға қарсы шығып: «Мнимое высокомерие тех, кто углубляется в общую юриспруденцию, может быть оспорено при помощи более широкого подхода к понятиям вообще, но эти фундаментальные вопросы метафизики, философии языка и философии рассудка я оставляю другим» [2]

Егер түсінік бар болса және философиялық талдау, оларды түсіндіруге сай келетін әдісі болса да, құқық түсінігін аяғына дейін толық жеткізбейтіндігін және оның бірден-бір жол емес екендігін байқаймыз.

Біздің ойымызша, Ф.Шауердің ұсынысы бойынша, ең алдымен, құқықтың тісінігімен шұғылданудан бұрын, құқық түсінігінің қандай бөлікке жататынын білуіміз қажет.

Бұл орайда, ерекше табиғи теория өкілдерінің дәледеулерінде құқық – табиғи, адам баласының пайда болуына дейін болған және одан тәуелсіз құбылыс екендігі айтылып, ол түсініктің ескіргендігі айтылады да, құқық қандай жағдайда болса да, оны жылқылар, тастар және жауын сияқты табиғи құбылысқа жататындығы дәлелденеді.

Құқық табиғи құбылысқа жатпайды, себебі, ол әлеуметтік құрылымды көрсетеді. Біздің бұл қысқа көзқарастан алатынымыз, пәндердің категорияға бөлінетіндігін және пәндерді табиғи құбылыстар сияқты, біздің түсінігімізден тәуелсіз екендігін білеміз. Бұл аядағы пәндердің маңыздылығы сонда, ол бізге құқықтың эмпирикалық болмысына және заттар арасындағы қатынастар мәселесіне көңіл аударуға көмектеседі, оны біз «құқық» деп атап, түсіндіруге ұмтыламыз. Бұл қатынастарға басқа жағынан қарасақ, құқықтың пән болуы мүмкін емес, ол тіпті одан да алыс, онымен ұқсас та емес, сондықтан түсініктемеге дейін болмаған. Дегенмен, сол көз қарасты қолдайтындардың талабы бойынша дүниеде бар құқық, өз-өзінен біздің құқық түсінігінен шыққан. Сонымен біздің құқық туралы түсінігіміз, құқық категориясының болуының алдындағы қажетті жағдай. Егер, осы бағытта ойлансақ, құқық түсінігін біз ол дүниеден бөліп алуымыз керек, оған қосымша, кең көлемдегі бір-бірімен байланыстағы адамдарды, институттарды, психикалық жағдайларды, тапсырмаларды және объектілерді қосып аламыз.

Біздің барлық дүниеміз, ерекше әлеуметтік шындығымыз сияқты бөлінбейді және солар сияқты жетілмейді. Құқық дербес құбылыс емес, өз түсінігінен тәуелсіз өмір сүре алмайды. Керісінше, сол түсініктің арқасында біз оны сезінеміз. Дұрысын айтсақ, құқықтың түсінігі – біз пайдаланатын нәрсе, Брайн Бикс айтқандай «выявить то, что будет считаться правом», одан өзгеше «допущения, что существует некая предустановленная категория, а мы всего лишь ищем наиболее подходящее для нее понятие» [4]

Бикс бұл мәселе бойынша ойын Джозев Раздың идеясы негізінде жүргізеді, яғни ол өзінің көзқарасын Раздың құқықтық түсінігі мен құқық теориясының және табиғи құқық теориясының арасындағы қатынасты түсіндіргені ретінде көрсетті.

Біздің ойымызшы, Бикс- идеяның тәжірибелік мәнін бағалау үшін, Раздың көзқарасына байланысты оның негізін құрып қоймай, ол туралы маңызы бар нақты қорытындыны қалыптастырды, яғни ешқандай құқықтық әрекет не шешім, толығымен және тұтасымен құқықпен анықталуы мүмкін еместігін айтқан. Кельзенің құқықпен детерминдіктенген құқықтық әрекеттің жоқтығы туралы тұжырымдамасын қабылдап, құқықтық «агенттерден (соттардан әр кезде емес)», яғни оны пайдаланатындардан, тәуелсіз екендігін көрсеткен. Кельзенің пікірі бойынша құқықтық шешім шығаруы, тікелей құқықтан басқа, қажеттілікпен, моральдық, саяси және эмпирикалық жағдайларға қатысты болады, бірақ, одан саяси, эмпирикалық бағыттар құқыққа айналмайды. Сондықтан құқық түсінігі дүниеде бұрыннан барды түсіндіру емес, теориялық жолмен эмпирикалық тәуелсіз өмір сүруге жағдайы жоқтарды дүниеден бөлу болып табылады.

Р. Дворкиннің [5] пікірінше, құқықтың негізін не «құқықтың» өзін, оны пайдаланушылардың әрекеттерінен жеке қарауға болмайды, себебі, құқықтық жүйенің өзі, шешім қабылдау кезде, құқықты пайдаланушылардың әрекетін пайдаланады. Бұл мәнде Р. Дворкин, Кельзенмен жақтас, яғни оның пікірін қолдаушылар қатарына жатады, себебі, соттық және басқа құқықтық шешімдерге кіретін, маңызды элементтерді мойындамай, құқықпен бірдейлестіруге қарсы. Сонымен бірге Кельзен,

Раз басқадай ғалымдардың пікірінше: соттардың не істеп жатқандығы және немен пайдаланатындығы, бір жағынан , және құқықтың өзі басқа жағынан – абсолютті түрде әр түрлі жағдайларға жатады. Бұны ескере отырып , құқықты түсіндіруге , құқықтың тек біржағын ғана алып , оны көбірек түсіндіруге болады деп есептеуді мойындауға болмайды.

Товтинг [6 ] және басқалардың пікірінше , бір түсініктегі құқықтың, кең жәйілуі, адамдардың не қоғамның бір түсініктегі өз құқығын не ұқсас құқытық жүйелердегі құқықтың бір түсінігін иемдену, мүмкіндігінің болуы мүмкін емес деп , олай болса, ондай әмбебап құқық түсінігінің табылмайтындығын сезіп , өзін-өзі бұзады және ол жалпы юриспруденцияның мүмкіндігін жоққа шығаратындығын дәлелдеуге тырысты.

Біздің құқық түсінігіміздің мазмұны сонда , ол шын мәнісінде біздік және құқықтың түсініктері уақытына және орнына байланысты өте көп.

Біздің ойымызшы, құқықтың әмбебап түсінігінің болуы мүмкін емес . Себебі, егер құқықтық, құқық жүйелерімен, заңдылық шешімдерімен не құқықтық институттарымен бірдейлестірсек , олардың уақытқа және орнына байланысты варианттары өте көп. Басқаша сөзбен айтсақ , құқықтың бір ғана түсінігінен және құқықтың жалғыз түсінігінің айырмашылығын білудің маңызы бар. Мүмкін құқықтың түсінігін иемдену маңызды болуы мүмкін. Себебі, қандай болмасын құқықтың түсінігіне сараптама (анализ) жасау, сол анализдың өзінің процессінің (сараптаманың нәтижесін) алдын-ала белгілейді. Егер біз құқықтың жалғыз түсінігінен бастасак нәтижесінде біз мынандай түсінікке келеміз, яғни құқықтың вариативтігін назардан жоғалтып, бұл вариативтіктің қайнар көзін, оның салдарын , құқықтың маңыздылығын, бізге белгілі, біз қолданатын құқықтың және бізге тікелей ықпал жасайтын құқықты назардан тыс қалдырамыз.

Құқықтық жүйе, құқықтық институт ретінде және заңдылық шешім ретінде шын мәнінде өмір сүреді. Бірақ егер оның негізінде түсінік жатса , бір түсініктің феноменді не құқықтық табиғатын барлық жүйеде және барлық уақытта түсіндіру міндетті емес. Жалғыз ғана, құқық түсінігі , тек осындай мәнде әмбебап болуы мүмкін, бірақ ондай қорытындының нағыз шындыққа жататындығын түсіндірудің мүмкіндігі аз екендігін байқадық.

Сонымен, құқықтың жалғыз түсінігі бар ма? - деген сұрақ жалпы юриспруденцияның бағалығы туралы сұрақпен тығыз байланысты. Бұл эмпирикалық көзқарас бойыншы өте маңызды сұрақ деп есептейміз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 «Қазақстан -2050» Стратегиясы – шын құбылмалы жағдайдағы жаңа Қазақстан үшін жаңа саяси бағыт А .2013.

2 Российский ежегодник теории права (№1 2008) стр.511

3 Российский ежегодник теории права (№1 2008) стр.514

4 Брайн Бикс Российский ежегодник теории права (№1 2008) стр.515

5 Р. Дворкин Российский ежегодник теории права (№1 2008) стр.520

6 Товтинг Российский ежегодник теории права (№1 2008) стр. 522

#### РЕЗЮМЕ

Агдарбеков Төкежан Агдарбекулы –доктор юридических наук, профессор,  
Академик НАЕН

Университет Сулейман Демирель

«Құқықтың біртұтас, әмбебап түсінігін анықтаудағы әртүрлі ғылыми көзқарастар»  
Научные взгляды о существовании единого понятия права

#### RESUME

Agdarbekov Tokizhan Agdarbekuly - doctor of Laws, professor, Akademic NAEN  
Suleyman Demyrel university  
«Құқықтың біртұтас, әмбебап түсінігін анықтаудағы әртүрлі ғылыми көзқарастар»  
Different scientific views about existence of integrated concepts of law

ӘОЖ: 344.09 Б 59

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МӘРТЕБЕСІ

**Битұрсын Ғалымжан Шәмшідінулы** - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Құқық және экономика институтының директор орынбасары,

### Андатпа

Мақалада Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың **Қазақстан жолы-2050: «Бір мақсат», «бір мүдде», «бір болашақ»** атты халыққа арнаған Жолдауында айтылғандай мемлекеттік тілдің мәртебесі жан-жақты баяндалып, қылмыстық іс жүргізу барысындағы атқаратын ролі айқындалады. Қазақ қоғамындағы қара қылды қақ жарған дана билердің дау-дамайды шешу барысындағы мәмілелері (бәтуа жасау, ымыраға келу) мен шешендік сөздері және парасатты ой-пікірлері дәріптеледі.

**Кілт сөздер:** Қоғам, мемлекет, дәстүр, мәдениет, мемлекеттік тіл, билер, құқықорғау органдары, шешім, дау, құқықтық мәдениет.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Мәңгілік ел» идеясын ұсынып, мемлекеттік тілді мәңгілік тіл ретінде қалыптасатынына баса назар аударған болатын. Елбасы өз сөзінде: «... Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» - деп мемлекеттік тілдің болашағын біржола бағамдап, нүктесін қойды [1,13б.] . Мемлекеттік тіл жөнінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2005 жылғы Қазақстан халқына жолдауында: «XXI ғасырда кәсіби білімі мен мемлекеттік тілін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз болашақтың жоғары сападағы білікті кадрлар қорын жасақтауға тиіспіз. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда, жаңаша ойлай білетін осы заманғы басқарушы кәсіби мамандарсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз» [2, 19 б.] деп баяндаған болатын. Өркениетті елдер мемлекеттік тілін ту етіп көтереді. Себебі, қай мемлекеттің болмасын мемлекеттік тіл елдің шығу тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптары мен теңдесіз тарихи құндылықтарын дәріптейді. Осы баға жетпес ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан сан-ғасырлық құндылықтар мемлекеттік тілдің негізін құрап, содан нәр алады. Қай мемлекет болмасын өзінің сөйлеу мәдениетін тек ана тілінде ғана қалыптастыра алады. Туған ана тілінен нәр алған сөйлеу мәдениетінің өзегі тереңде. Сондықтан қазіргі таңда барлық салалар бойынша мемлекеттік құзырлы органдардың соның ішінде құқық қорғау органдарының қызметкерлері мемлекеттік тілде іс-құжаттар жүргізу, ауызекі немесе телефон арқылы сөйлесу, мемлекеттік тілде қызметтік этиканы сақтау арқылы заман талабына сайсөйлеу мәдениетін қалыптастыру кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақ халқы дүниетанымға, сыпайы сөйлеуге, мақал-мәтелге, шешендік нақыл сөздер мен орамдарға өте жетік және олардың дұрыс та, орынды терең мән беріліп

айтылуына ерте кезден-ақ қатты ден қойып, ерекше бағалай білген. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді қолдау саясатын жүргізу барысында көптеген азаматтар тілді тек «аса маңызды қатынас құралы», өзара түсінісіп, пікір алысудың тәсілі, рухани мұрамызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп қана отырады дап түсінеді. Ол түсінік жеткіліксіз. Адамзат өміріндегі тілдің мән-мағынасы мен қызметі, міндеті мен мүмкіншілігі бұлармен ғана шектелмейді. Мемлекеттік тіл өркениеттілікке жетуге, кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып қағидаларын насихаттауға шексіз қызмет атқарады. Осы бағытта алып қарағанда біз заңгерлердің сөйлеу мәдениетін қалыптастыру барысында мемлекеттік тілді ұлттық мәдениеттің негізі өзегі деп қарастыра аламыз.

Жоғарыда айтылған ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан рухани құндылықтарымыздың ішінде шешендік нақыл сөздер арқылы заңгерлердің сөйлеу мәдениетінің тамырын тереңнен іздеп, басқа ұлттың тарихынан емес, қазақ халқының біртуар сөзге шешен, ақылға бай, тумысынан зерек ойлы, бала биден дана би дәрежесіне дейін бұқара халықтың көңіліне кір салмай өткен дана бабаларымыздың дара жолдарын заман талабына сай жаңғырта отырып тиімді пайдалана білуі - талабы жаңарған жаңа замандағы заңгерлердің кәсіби сөйлеу мәдениетінің үлгісін әлемге айғақтайды.

XX ғасыр орыстандыру яғни «қазақ тілінің буынына балта шабу» саясаты кезінде қазақи шешен сөйлемек түгілі жай қазақ тілінде мінберден баяндама жасаудың өзі қиын болғаны белгілі. Бірақ соған қарамастан қазақ зиялылары ағарту ісінен, сөйлеу мәдениетінен кенде болған емес. Қазақ халқының қаймақтары атанған заңгер зиялыларымыздың ұлттық рухани құндылықтарымызды бұқара халыққа, өскелең ұрпаққа дәріптеймін деп репрессия құрбандығына айналғаны тағы бар. Осындай қиын-қыстау ауытқуларды бастан кешірген қазақ қоғамында ұлттық тарихи құндылықтарымыз оның ішінде шешен сөйлеу мәдениетінің шет қалғаны рас.

1991 жылы Қазақстан Республикасы егемендігін алып, тәуелсіз, зайырлы, демократиялық мемлекет атанған соң дербес құқықтық мемлекет құрдық. Құқықтық мемлекет құру үшін құқықтық мәдениет қалыптасуға тиіс. Құқықтық мәдениетке кәсіби сөйлеу мәдениетін игергенде ғана қол жеткіземіз. Кәсіби сөйлеу мәдениетінің қалыптасуы мемлекеттік тіл яғни, ана тілімізге тікелей тәуелді. Өркениетке жетудің алғышарттарының бірі құқықтық мемлекет құру. Құқықтық мемлекетте әрбір азаматтың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасы бірге жетіледі. Құқықтық сана әрбір азаматты құқықты құрметтеуге, заң талаптарын мүлтіксіз орындауға, қылмыс зардабын түсініп, оны жасамауға және екінші тұлғаның қылмыстық әрекетке бармауына ықпал етуге көмектеседі. Осындай құқықтық мемлекетте құқықтық мәдениетті дамыта отырып, бұқара халықтың назарына құқықтық сананы енгізу үшін заман талабына сай кәсіби сөйлеу мәдениеті қалыптасқан заңгер мамандар керек. Сондықтан заңгер мамандардың бұқара халыққа және іске қатысты тараптарға заң талаптары мен нормативтік құқықтық актілердің қолданылу аясын және жазалау мақсатын мемлекеттік тілде кәсіби түрде түсіндіре білсе, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне деген халықтың сенімі артып, халықтың түрлі қылмыстарға бармасы анық.

Қазіргі таңда заңгерлердің сөйлеу мәдениетінің жоғары формасы ретінде шешендік сөйлеу мәдениеті кең көлемдегі мәдениеттің ажырамас бір бөлігі қалпында қатты сезілуде. Шешендік өнер тек мемлекеттік тілмен ғана дамиды, шырқау шегіне жетеді. Мемлекеттік тілде шешендік өнерді меңгерген заңгерлер өзінің кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Қазіргі кезде зиялы адамның сүреңсіз де мәнсіз сөйлеуі, яғни кәсіби маманның сөйлеу мәдениетінің төмендігі – адам баласының оқи және жаза білмеуі секілді ыңғайсыз көрінуі тиіс. Сөйлеу мәдениетіне баса мән бере отырып, аса сергектік танытқан араб халқы «сөйлемесе кесек, сөйлесе есек» мәтелімен шымбайға батыра айтқан.

Заманында Аристотель күллі адам баласының белгілі дәрежеде шешендіктану іліміне қатыстылығын анықтай келе: «Кәсіби іскер бизнесмен, заңгер, саясаткер, менеджер, дін саласын уағыздаушы өз кәсібінің шарықтау шегіне жеткісі келсе, сөйлеу өнерін (сөйлеу мәдениетін) жете меңгеруі тиіс. Себебі оларға халықпен үнемі қарым - қатынас жасауға, әңгімелесуге, кеңес беруге, шаршы топ алдында сөйлеуге тура келеді. Ал шаршы топ алдында сөз сөйлеу үшін, не айтатыныңды білу аздық етеді, бұған қоса, қалай айту керектігін білген жөн. Іскер маман өз сөзінің ерекшеліктерін көз алдына елестете білуі, тыңдаушыларға әсер ететін сандаған факторларды ескеруі, сөйлеу мәдениетін меңгеруі тиіс» [3, 29 б.] - деп өз ойын түйіндейді. Сонымен бүгінгі таңда шешендік – қажеттілік. Бұл қазақ қоғамы үшін заңдылық та, себебі тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті іскер адамдарға қоғамның қажетсінуі айқын аңғарылуда. Осыған орай елбасының халыққа жолдауындағы ұтымды ұстанымына және ғұлама Аристотелдің шешендіктану ілімін негізге ала отырып, қызмет бабында қолданыста жүрген қазақ тіліндегі өзара қарым-қатынас пен шешендік өнер арқылы қоғамдағы заңгерлердің сөйлеу мәдениетінің деңгейін көтеру мен кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мәселесін шешу жолдарын ұсынамыз.

Қазіргі қоғамның мәдени даму сатысы заңгерлерден кең тұрғыда алысты барлап, кең ауқымда, жаңаша ойлай білуді, жаңа заманның даму заңдары бойынша кәсіби қимыл-әрекетті үйлестіре білу қабілеттілігін талап етеді.

Кәсіби сөйлеу мәдениетіне ие болу – адамның жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрінен жоғары сатыда екендігін танытатын, адамды адам етіп тұрған адамзат баласының ұлы қабілеттерінің бірі. Ал, заңгерлердің кәсіби сөйлеу мәдениетінің қалыптасуы – егеменді, тәуелсіз мемлекетіміздің әлемдегі дамыған өркениетті елдер қатарына енудің алғышарттарының бірі болып табылады.

Қазақтың дала заңына бағынған заңгерлері – билер өз заманында сөйлеу мәдениетін терең игеріп, қолданысқа енгізе білген.

Ессіздің сөзі, естілер де қалар

Есті сөз, ел көңіліне қонар

Екі ауыз сөзбен ердің құнын шешкен

Жетім менен жесірдің мұңын шешкен

Қазақта ешкім болмас биден озар – деген қазақ нақылынан қазақ қоғамындағы билердің көрегендігін, данышпандығы мен шешендігін және кәсіби сөйлеу мәдениетін өз заманында шарықтау шегіне жеткізіп, меңгергендігін байқаймыз.

Қорыта келе, мемлекеттік тілдің ерекшеліктерін және қазақ халқының ертеден қалыптасқан байырғы сөйлеу мәдениетін ескере отырып, халықтың игілігіне жарата білсек, тәуелсіз құқықтық мемлекетіміз Елбасымыз айтқандай бәсекеге қабілетті де өркениетті 30 елдің қатарынан көрінеріне сенімдіміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2005 жылғы Қазақстан халқына жолдауы, Астана, 2014.
- 2 Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2005 жылғы Қазақстан халқына жолдауы, Алматы, 2005.
- 3 Қыдыршаев А. Іскерлік шешендіктану қағидалары, Орал 2007.

#### **Р Е З Ю М Е**

Битурсын Галымжан Шамшидинулы – Заместитель директора ИПиЭ КазНПУ имени Абая

«Мемлекеттік тіл мәңгілік елдің мәртебесі»

В статье подробно изложен статус государственного языка и определена его роль в процессе уголовного дела. Превозносятся компромиссы (согласится, прийти к

компромиссу), ораторские речи и рассудительные мысли мудрых бий в казахском обществе, которые вынесли справедливые приговоры при разрешении споров.

### RESUME

Bitursyn Galimzhan Shamshidinuly – The deputy director ILE of KazNPU  
named after Abay

«Мемлекеттік тіл мәңгілік елдің мәртебесі»

The article described in detail the status of the official language and defined its role in the criminal case. Extolled compromise (agree to compromise), oratorical speech, judicious and wise thoughts of

УДК: 333.14:71

### ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ МОНИТОРИНГ - КАК ВАЖНЕЙШИЙ ИНСТРУМЕНТ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

**Орынтаев Жамбыл Кылуетович** - к.ю.н., ассоциированный профессор, заведующий  
кафедрой «Гражданско-правовых дисциплин» КазНПУ имени Абая

**Абдрахманов Рахат Зауытбекович** - старший преподаватель кафедры «Гражданско-  
правовых дисциплин» КазНПУ имени Абая

#### Аннотация

В статье экологический мониторинг рассматривается как инструмент информационного обеспечения процесса подготовки и принятия управленческих решений в области охраны окружающей среды и природопользования.

**Ключевые слова:** экологический мониторинг, охрана окружающей среды, экологический контроль, качество окружающей среды, экология, экологические проблемы, экологическая информация, антропогенные факторы, экологическая ситуация.

Уровень воздействия человека на окружающую среду зависит в первую очередь от технической вооруженности общества. Она была крайне мала на начальных этапах развития человечества.

Однако с развитием общества, ростом его производительных сил ситуация начинает меняться кардинальным образом. XX век – это век научно-технического прогресса. Экологическая ситуация в мире определяется количеством и качеством антропогенных изменений в природе, последствиями техногенного вмешательства в природу. Связанный с качественно новым взаимоотношением науки, техники и технологии, он колоссально увеличивает возможные и реальные масштабы воздействия общества на природу, ставит перед человечеством целый ряд новых, чрезвычайно острых проблем, в первую очередь — экологическую.

По многим прогнозам проблема защиты окружающей среды в XXI веке станет наиболее значимой для большинства промышленно развитых стран. В подобной ситуации налаженная широкомасштабная и эффективная сеть контроля состояния окружающей среды, особенно в крупных городах и вокруг экологически опасных



объектов, может явиться важным элементом обеспечения экологической безопасности и залогом устойчивого развития общества.

В последние десятилетия общество все шире использует в своей деятельности сведения о состоянии природной среды. Эта информация нужна в повседневной жизни людей, при ведении хозяйства, в строительстве, при чрезвычайных обстоятельствах — для оповещения о надвигающихся опасных явлениях природы. Но изменения в состоянии окружающей среды происходят и под воздействием биосферных процессов, связанных с деятельностью человека. Определение вклада антропогенных изменений представляет собой специфическую задачу.

Среди мероприятий по стабилизации и дальнейшему улучшению экологической обстановки в мире особое место отводится формированию системы экологического мониторинга, основная задача которого – информационное обеспечение и поддержка процедур принятия решений в области природоохранной деятельности и экологической безопасности.

